

Мәслихаттың 2014 жылғы 23 сәуірдегі № 226 "Қостанай облысы Жітіқара ауданы Милютин ауылының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күші жойған

Қостанай облысы Жітіқара ауданы мәслихатының 2019 жылғы 12 қарашадағы № 345 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 22 қарашада № 8765 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Жітіқара ауданы мәслихатының 2023 жылғы 30 қарашадағы № 84 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Жітіқара ауданы мәслихатының 30.11.2023 № 84 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабы 6-тармағына сәйкес Жітіқара аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мәслихаттың "Қостанай облысы Жітіқара ауданы Милютин ауылының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" 2014 жылғы 23 сәуірдегі № 226 шешіміне (2014 жылғы 19 маусымда "Житикаринские новости" газетінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4802 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрайымы
Жітіқара аудандық мәслихатының хатшысы*

*Е. Колядина
А. Кабиев*

Мәслихаттың
2019 жылғы 12 қарашадағы
№ 345 шешіміне
қосымша

Мәслихаттың
2014 жылғы 23 сәуірдегі

Қостанай облысы Жітіқара ауданы Милютин ауылының жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы

| № | Милютин ауылы көшелерінің атауы | Өкілдер саны (адам) |
|---|---------------------------------|---------------------|
| 1 | Новая көшесі | 3 |
| 2 | Молодежная көшесі | 8 |
| 3 | Школьная көшесі | 7 |
| 4 | Рабочая көшесі | 6 |
| 5 | Степная көшесі | 5 |
| 6 | Комсомольская көшесі | 6 |
| | Барлығы | 35 |